

Таблица 2.

Предложение исходило	Предложение в отношении инженеров
От коллег и приятелей	18,7
От институтов	4,7
От предприятий	26,2
От коллег и приятелей с институтами предприятиями	10,3
Не поступали	34,6

в профессиональную группу и ведущих к созданию профессиональной среды. К ним принадлежит в первую очередь наличие профессионального звания, охраняемого законом и дающего определенные права, а также престиж и профессиональная традиция, деятельность профессиональных обществ.

2. Между инженерами и остальными категориями работников на производстве существует дистанция в товарищеских отношениях при одновременном сохранении хороших межличностных отношений. Подобная дистанция в товарищеских отношениях вне работы на производстве обнаруживается в выборе лиц, принадлежащих к товарищеским группам, которые функционируют в свободное время.

В высшей степени вероятно, что аналогичная дистанция в товарищеских отношениях существует и в отношениях между инженерами, различающихся своим положением и должностью. Если учесть, что межличностные отношения в сфере производства являются в целом хоро-

шими, а конфликты с рабочими отсутствуют, то напрашивается вывод, что дистанция в товарищеских отношениях между инженерами и рабочими возникает в результате различий в культуре, в интересах, в положении и не носит антагонистического характера. Конфликты и трения возникают ситуативно и не являются результатом дистанций в самой среде.

3. Межличностные отношения на производстве выступают как механизм обеспечения групповых и индивидуальных интересов. Товарищеские отношения вне предприятия выполняют ряд важных с точки зрения профессии функций, особенно при перемене работы и при получении информации о вопросах, связанных с профессией.

4. Тенденция замыкаться в узком кругу приятельско-товарищеских отношений способствует утверждению групповых стереотипов, не всегда полезных даже с точки зрения индивидуального профессионального роста инженеров. Одновременно существование сплоченной профессиональной среды инженеров благоприятствует созданию творческой атмосферы в данной профессиональной группе, определяет эффективность деятельности инженеров, способствующей дальнейшему развитию технического прогресса.

ЛИТЕРАТУРА

1. Zagadnienia psychologii społecznej. Warszawa, 1982.
2. Barnes L.B. The sociology of work. New York, 2001.
3. Абдуллин А.Н., Черкасова Т.В. Управление предприятием. Уфа, 2001.

Жезказганский университет

Поступила 2.03.07г.

Н. А. АБУЕВА

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекеттік басқаруды модернизациялау саласындағы «алдыңғы қатардағы идеяларының» ізденістері саясаттық маркетинг пен менеджменттің классикалық басқару теориясынан әлеуметтік синергетикасына алып келеді. Мұның қайнар көзінде ең маңыздысы саясаттық элитаны зерттеу барысында «харизматикалық көш басшы» деген түсініктің методологиялық маңыздылығы өседі.

Харизматикалық тұлға нақты ғажайып қа-

сиеттерімен ерекше дарындылық пен белгілі бір кісілік қызметте ерекшеленуімен анықталады.

Харизматикалық тұлғаның мазмұнды жағы ішкі тұлғалы (табыстылық, мақсатты не телеологиялылығы, қызмет белсенділігіндегі тапқырлығы, интеллектуалдығы мен бет әлпеті) және тұлғалықтан тыс көрсеткіштері (адептардың, командалардың, ізбасарлардың бар болуымен) қасиеттерімен анықталады. Харизматикалық ұқсастылықты білдіретін

екі бастама бар: рационалды және иррационалды, соған қарағанда туғандағы харизма және керекті (жасанды) харизма бар) [1, 123].

Харизматикалық тұлғаны теңдестірудің негізгі әдістері төмендегідей:

1) трансляциялық (функционалды) әдіс – тұлға харизмалық ұқсастықты социум қойған белгілі бір мақсаттарды орындау арқылы табады;

2) эвристикалық (креативті) харизмалық ұқсастықты табу әдісі қоғамға тұлғаның жаңа, өзіндік таныстыру арқылы;

3) трансформациялық әдіс – тұлға харизмалық ұқсастықты өзгеріс, қоғамдық жүйенің трансформациясы арқылы табады осымен тап болған жүйенің күйі жаңа болуы тиіс емес, ол «трансформатор харизматигін» «модернизатор харизматигінен» айырады.

Харизматикалық ұқсастықтың негізгі бес түрі бар: мессия харизматигі, милитарист харизматигі, папулист харизматигі, интеллигент харизматигі және маргинал харизматигі. Мессия харизматигі бұл туғаннан бастап харизмамен бір жүретін пассионарлығы бар харизматикалық ұқсастықтың түрі болып табылады; милитарист харизматигі эндогендік күйзелтуге бағытталған әскери ортада манифестелінетін харизматикалық ұқсастықтың түрі; папулист харизматигі – бұл жасанды харизманың иесі және ең конфликті харизмалық ұқсастықтың түрі болып табылады; интеллигент харизматигі – бұл харизмалық ұқсастықтың көркем түріне жатады, қоғамның гуманитарлық саласында манифестелінеді; маргинал харизматигі – экзистенциалды жағдай табалдырығы кезінде актуализделген харизмалық ұқсастық түрі болып табылады.

Қазіргі замандағы жаңа саяси қайраткерлердің харизмалық ұқсастығы саяси консалтинг, жарнамалық және PR-технологиясын қолдануымен бірге жаңа саясаттық технология саласы негізінде құрылатын жасанды құбылыс болып табылады. Саяси харизма қоғамдық және саяси органдар институализация үрдісінде харизмалық тұлғамен құрылған саяси трансформациясына одан қоғамның әлеуметтік жүйесіне себепші болады.

Қазіргі заман мәдениетіндегі саяси харизманың құрылу үрдісі – көптеген факторлар айтарлықтай әсер ететін интегративті үрдіс болып табылады: жеке адамның жеке қасиеті, оны қоршаған орта, жеке адамның психологиялық күйі, және саясат саласындағы актуализделген харизма иесі мәдениет ерекшеліктердің иесі.

Маргинал харизматигі көбінесе әлеуметтік транс-

формация кезеңінде шығады. Маргиналды харизма – өзгеріп жатқан қоғамның атрибуты, кез келген басқа жаңалықты қабылдамайтын және күйретуге бағытталған априори және белсенді мобилизациялық қызметті орындайды. Манифестациялаудың нәтижесі амбиваленттік мінездемеге сай: бір жағынан ол жасампаздықтың басы ретінде көрінеді, себебі қоғамға жаңа бағытты табуға мұрша береді, әсіресе «қарсы жақтан әдісімен», екінші жағынан, ол қазіргі әлеуметтік жүйені байсалдылықпен күйрете алуға қабілетті екенін көрсетеді.

Қазіргі харизматиктердің ерекшеліктері, олар көбінесе элиталардың жоғарлатушылары болып табылады. Өзін харизматик ретінде манифестейтін тұлғалардың басым бөлігі – арнайы технологиямен жасанды етіп құрылған харизматиктер. Харизманың пайда болу барысында қоғамның үш саласы басымды – саяси, әскери, діни. Қоғамдық-саяси жағдайлардың жиі ауысуы, харизматиктің ролін әлеуметтік тұрақсыздық пен белгісіздік жағдайларында ұлғайтумен қатар, харизматикалық тұлғадан векторлық қызметінің өзгеруін талап етеді.

Харизматикалық тұлғаны адамзат өркениетінің ерекше құбылысы деп мойындауымыз керек. Негізінен, харизматиктер қоғам өмірінің жайсыз кезеңдерінде пайда болады. Алайда тек туа біткен харизматик қоғам трансформациясының мүмкін бағытын көрсете алады. Харизматикалық тұлға негізінен қоғамдық даму бағытын жиі ұстанады. Харизматикалық тұлға нақты немесе оған телінген ғажап қасиеттерімен, ерекше қабілеттілігімен, адамзат қызметінің кез келген саласында тәңір берген ерекшеленуімен көзге түседі.

Туғаннан біткен харизматик әлеуметтік жүйені түбегейлі трансформациялай алады.

Харизматикалық тұлғаларды зерттейтін негізгі концепциялардың анализі сан түрлі харизматикалық ұқсастықтың негізінің бар екендігін мойындайды, олар – рационалды және иррационалды.

Харизматиктікке жатқызуға болатын және жас шағында анықталатын мінез құлықтары бар тұлғалардың өткен өмірде және қазіргі уақытта бар екендігін әлбетте айтпасақ болмайтын жайт. Алайда туғаннан харизматикалық деп аталатын тұлғаның жасанды харизматиктерден айырмашылығы бар, жасанды құрылған харизманың әрдайым технологиялық өнім болып табылатындығы дәлелденген. Оған жақын арада дивиденттер алу үмітімен үлкен ақша құйылған, одан әрі құйылуда. Ертеден бар және кейін жоғалтылған жасанды харизма жаңадан пайда бола алмайды. Тарих көрсеткендей, аталған

қағидадан ауытқу болмайды. Ауытқу тек қоғам алдында сырттан шынайы қауіп қатер төнген жағдайда ғана болады, тек осы жағдайда жоғалған харизма қайта пайда болуы мүмкін. Шынайы харизма (туа біткендегі харизма) қоғам өмірінің күрт өзгеру кезеңдерінде қағида бойынша манифестелінеді. Аталған жағдайда, қай үрдістердің басым екендігін анықтау өте қиын болады, харизмалық ұқсастылық үрдісінің құрылуы әлде қоғамда басталған өзгерістер ме, себебі аталған үрдістер бірін бірі елеулі түрде детерминдейді.

Харизматиклық ұқсастылық проблемасын ғылым түбегейлі түрде шеше алмайды.

Ғалымдардың бір бөлігі кез келген харизматикалық ұқсастылық түрлерінің манифестациялау себептерін, тұлғаның түпкі психологиялық негізі тұрғысынан қарастырады. Қалған бөлігі (өте аз) харизматикалық тұлғаның қоршаған ортасының себептерінен деп қарастырады. Алайда харизматикалық тұлғаның белсенділігінің себептерін тек бір топ себептерге байланысты қысқандатып айтуға болмайды. Кез келген харизматикалық ұқсастықтың манифестация табиғатын жекетұлғалық ішкі негізінен іздеу керек. Бұл жағдайда тұлғаның бастапқы табиғи ерекшеліктерінің зор маңызы бар.

Қазіргі дүниедегі саяси харизманың құрылуы және манифестеу үрдістері – көптеген төменде көрсетілген құбылыстарға интегративті түрде әсер етеді, олар: харизма иесі болып табылатын тұлғаның психологиялық күйі, мәдени ерекшеліктері.

Саяси харизма, харизматик құрған қоғамдық және саяси құрылымдарға, қоғамның саяси және әлеуметтік жүйесін трансформациялау үшін тікелей институциялану үрдістері арқылы себепші болады.

Саясатта харизмалық қарым қатынастың туылғандағы маңыздылығы потенциалды адептары бар харизматикті мойындау харизманың болғанына қарағанда басымырақ.

Саясаткерде харизмалық ерекшеліктердің болмауы мүмкін, бірақ егер оны харизмалық ерекшеліктің иесі ретінде мойындау фактісі болса, онда саясаткер харизмалық сипаттармен ерекшеленеді.

«Құдайдың берген сыйы» ретінде шын харизма мен лидер-демагог, харизмалық-саясаткер араларындағы айырмашылық өте орнықсыз. Соған қарағанда саяси харизманың басқа харизмалық ерекшелігінің бейнелерге қарағандағы ерекшеліктері мақсатты бағытының болуында.

Саясат саласындағы харизматик нақты саяси идеясының орындалуын қамтамасыз ету үшін қар-

кет етеді.

Егер маргиналды харизманы алатын болсақ – бұл тұрақсыз қоғамның жалғыз атрибуты емес екендігін айту шарт. Алайда ол қоғам өмірінің қиын кезеңдерінде манифестелінеді, қоғамдық дағдарыс жағдайларында, экзистенциалды коллапс және тарихи өзгеріс кезеңдерінде. Бұған әлеуметтік, саяси экономикалық, мәдени, өркениетті және субъективті-тұлғаның мінез құлқы әсер етеді. Осылай бола тұра қоғам үшін олардың пайда болу нәтижелері өте бір мағыналы емес, себебі қоғамның өзіндік ұйымдасуы да әр сатыда бір мағыналы емес. Мұнымен қатар қоғамда маргиналды харизманың болуы әлеуметтік тұрақтылығының бұзылу себептерінің бірі болып табылады. Мұндай бұзу, саны жағынан қайтымды, ал сапасы жағынан қайтымсыз болуы мүмкін. Бірінші жағдайда ол жағдайлылықпен мінездемеленіп әлеуметтік басқару әдістерімен басылады, екінші жағдайда – әлеуметтік кризиске әкеп соғады. Дәл осы уақыт аралықта маргиналды харизманың көрінуі ықтимал. Социумде өзінің бар болу факторы бола тұрып маргиналды харизма этномобилизациялық белсенді қызметін атқаруға қабілетті болып шығады. Мұнда корреляцияны көре аламыз: этникалық аффилиация беделі неғұрлым жоғары болса, оның этномобилизациялық мінез құлқы соғұрлым белсенді көрінеді. Харизмалық тұлғаның мұндай мінездік белсендігі этникалық тұрақсыз құрылымдарда мұндай лидерлер түрінің пайда болуына көп көңіл бөлу керек.

Маргиналды харизмалық тұлға «жәй» харизмалық тұлғаға қарағанда – ол шекаралық әлеуметтік ортада және шекаралық тарихи жағдайларда пайда болатын тұлға болып есептеледі. Маргиналды харизмалық тұлғаның пайда болуы телеологиялық негіздермен шарттасқан. Көбінесе маргиналды харизматиктер (әсіресе діни және этникалық ортада) қоғам өміріне өте қауіпті болатын жағдай олардың кез келген «басқа жаңалықты» қабылдауына қабілетсіздігі. Мұнда тұлғалардың деструктивті бастамасы басқа қасиеттерден үстем болады және анығында бұл деструкция деструкция үшін деуге де болады.

Харизматикалық тұлғаның әсерін қазіргі таңда қоғам көбінесе саясаттық салада сезеді. Көп жағдайларда харизматикалық тұлғалар саяси элитаның алға бастаушылары болып табылады. Саяси жағдайлардың жиі өзгеруі харизматиктерден белсенділік векторының дұрыс анықталуын талап етеді, ол қысқа уақыт аралығында қарсы жақтың пікіріне көз қарасын өзгертуге мәж-бүрлейді. Саяси өмірдің ұдайы

авангардында болу үшін ол: түсіну қабілетін, білімділігін, ынтасын, тәжірибесін, ақылын және моральдық тазалығын (сатылмайтындығын, пара алмайтындығын) көрсетуі керек, тағы да ол өзінің өткен және қазіргі ниеттестерінің мүдделерін алдын ала болжауға қабілетті болып, сайлаушылардың дауысына саяси кездердің ерекшеліктеріне қарай, тыңдай білуге және бейімделе білуге қабілетті болуы керек. Дәл осында оның саясаткер әрі харизматикалық тұлға ретінде өмір сүре алу себебі жатыр. Мұнымен қоса парадоксальды жағдай көрінеді: status quo-ны өзгерту орнына жәй саясаткерге күнделікті саяси оқиғалар ағысымен жүзген әлде қайда қауіпсіз.

Харизматикалық тұлғаның ерекшеліктерін қарастыру барысында келесі тенденция байқалды: қазіргі қоғамда белгілі бір саясаткерге, қоғамдық не діни қызметкерге харизматикалық тұлғаның имиджін құру тән, алайда бұл шындыққа сирек ұласады. Харизматикалық ерекшелік акцентуациясының ұжымдық табиғаты харизматикалық тұлғаға қазіргі қоғамда қосымша маңыздылық береді және көп жағдайларда осы харизматикалық тұлғаның әлеуметтік статусын жоғарылатады [1, 124-127].

Қазақстанда демократиялық қоғам құру туралы мәлімдеме жасаған уақытта, «харизмдер соғысының» болмауы мүмкін емес. Сондықтан болар харизманың ерекшелендіру үрдісі жиірек аяқталмайтын-ды, себебі потенциалды харизматикалық тұлға харизматикалық сапаға керектігінің жарымына да ие бола алмайды.

Көп жағдайларда харизматикалық тұлға сырт құбылыстардың өзгеруіне жауап беріп қана қоймай, оған пара-пар түрде әсер етеді.

Харизматик кемшіліксіз тип ретінде шындықты қайта жаңғырту қабілетіне ие. Сан түрлі идеялар мен ұсыныстарды алға қойып және іске асырып, жаңа нормалар мен бағалықты қалыптастыра отырып, өзгерген әлеуметтік-экономикалық ортаға саяси жүйені бейімдей отырып, өзгертудің ең басты инициаторларының бірі болып шығады. Харизматикалық тұлғаның ролі тұрақсыздық және белгісіздік жағдайында үдеп өседі, ал қоғам дамуының күрт өзгеруі кезінде шешуші роль атқаруы мүмкін.

Жаңа әлеуметтік –мәдени білімдер, идеялар мен бағалықтар ескі идеология дағдарысын ынталандырады және жасаудағы саяси тәртіппен басқару элитасының делегитимациясын үдетеді. Тап осы жағдайда жаңа даму жолын таңдау мәселесі туады. Шешуді талап ететін бұл диллема тарихи альтернативаның динамикалық сызықсыз комбинациясы ретінде субъектілер алдында тұрады. Нақты альтер-

нативаның таңдау қажеттілігі қоғамда бәсекелестікті өршітіп, елестелген болашақтың фетишизациясын тудырады.

Жаңашылдыққа деген ұмтылыс абстракты идеяларды туындатып, доктриналар мен құрғақ қиялдарға, жаңа әлеуметтік жалған үміттерге (бостандық, демократия, нарық) бастайды. Аласапыран кездерде адамдар суггестивті әсіреге түскіш болады, әсіресе БАҚ жағынан келетін PR-технологиясы арқылы бұқараның мінез құлқын манипуляциялайды, сонымен бірге оларды болашақтың виртуалды суреттерімен гипноздайды. Ұжымдық салада «футуристік жаңашыл эффекті» пайда болады және соның арқасында ескі институционалды идеялар мен бағалылықтар тез арада құндылықтарын жояды. Манипуляторлар құндылықтарды, мақсаттарды, адамзат идеяларын жасырын түрде модификациялауын жүргізеді, ол адамдардың өмірге деген көз қарастары мен әлеуметтік тәртібінің өзгеруіне әкеледі. Постбифуркациондық социум мифологиялық мінездемені суреттейтін жаңа символикалық матрица негізінде өзі құрылады.

Әлбетте ашық жүйедегі элита институты саяси жүйенің маңызды стратегиялық тұрақтылық факторы болып табылады.

Мұндай жағдайда элита институты «жоспарлы» өзіндік мінездемесі бар биліктің легитимдік мұрагерлігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Яғни, бұл жерде белгіленген уақытта сайлау өткізу туралы сөз болып отыр. Аталған фактор К. Дойчаның кибернетикалық моделіне ұқсас келеді, ол саяси коммуникация мен оның айналуын, саяси жүйенің нәтижелі қызметі мен тұрақтылығының қажетті себебі ретінде қарастырады.

Бұл контексте тек элиталы топтардың коммуникативті қызметі ғана емес, сонымен қатар басқа да саяси үрдіс факторлары қызметінің кешігуін минимализациялауына және саяси жүйе саласындағы нақты проблемаға жауап беруіне қолайлы жағдай туғызады және оның алдында тұрған нақты және потенциалды, ұлттық стратегиялық мақсаттарға нәтижелі және адекватты жауап беретін мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесінің қабілетін жоғарылатады.

Әлеуметтік трансформация іс тәжірибеде ескеруді қажет ететін синергетикалық құбылыстарды көрсетеді.

Қазақстанның саяси элитасы қалыпты ойлау мен сындарлы саясатқа бейім екендігін көрсеткенмен, алайда, өмір тежеулік көрсетіп, қалыпсыз саясаттың нәтижесіздігін байқатады («артық қылам деп,

тыртық қылды»). Трансформацияның синергетикалық аспектілеріне немқұрайлықпен қарау қалыпсыз мінездемесі бар және хаостың лавиналық өсуіне соғатын нәтижеге әкелуі мүмкін.

Катастрофалық үрдістер әлеуметтік жүйенің спонтанды белсенділігінің нәтижесінде туады, егер оны басқару күшімен реттеуге ұмтылған жағдайда.

Мұндай өзіндік белсенділік сызықсыз флуктация нәтижесіне байланысты сел тасқынындай жағдайды туғызуы, дағдарысқа ұшыраған социумды тұрақтылық аясынан шығарып бифуркацияға тап келтіруі мүмкін. Бифуркация үрдісі өте тез дамып, тұрақтылық жағдайы секірмелі түрде күйрейді [2]. Кез келген кездейсоқтық жаңғырық нәтижесін туғызып, онда ескінің бәрі шарасыз түрде деструкцияланады. Енді макроәлеуметтік құрылымдардың құлауы тек қана уақыт еншісінде болады. Бифуркацияның соңғы болмысы кездейсоқ жағдай тәрізді. Онымен қоймай, бұл үрдісті тоқтатуға болатын сияқты елес пайда болады, – тек қана қиын кезеңде дұрыс шешім қабылдана болды, социумның барлық функционалдық мүмкіндіктері қалпына қайта келетін сияқты көрінеді. Алайда, тарих тәжірибесі көрсеткендей, «саяси режим құлай бастағанда «дезинтеграция вирусы» барлық жаққа тез тарай бастайды, барлық институттарға жұғып, кез келген саңылауларға енеді. Режимнің құлауы, әдетте революционерлердің арқасында емес, режимнің өзінің қалжырағандығына, әлсіздігіне және жасампаздық түрде жұмыс атқара алмағандығына байланысты [3].

Коммунистік режим құлағаннан кейін, Қазақстанның алдында альтернативтік даму жолдары пайда болды. Саяси күрестің бастапқы кезеңінде, қоғамды өзгертудің бағдарламалары ешқандай рационалдық верификацияға сай келмеді, оның салдары қоғам санасын манипуляциялаудың әлеуметтік жалған творчестволық кең мүмкіндіктерін ашып берді. Оның үстіне ескі тәртіптің күйреуі жалған сезімдерге жол ашты: жаңа өмірде барлығын жасауға мүмкін тәрізді көрінді. Осыған орай көпшіліктің көңілінде көптеген ойлар туындап, депривациялық өсу қауіпті сыйпат ала бастады. Сонымен бірге, болашақты абстракциялы түрде түрлендіру, желіккен дүрмектің сана сезімімен популистік манипуляциялар жасауға жағдай туғызды. Идеологиялық өнім өндірушілердің көмегімен, утопиялық көңілкүйлерді уағыздаушылар, қазақстандық қоғам мүшелерінің санасын жаулап алып, қоғамдық үрдістің негізгі қозғаушы күшіне айналды. Бұл үрдіс қарсылас альтернативтердің құбылмалы конфигурациясына

ұқсағанмен, нақты альтернативаны таңдау харизматикалық көш басшыға және көпшіліктің иррационалдық психологиясына тәуелді болатын.

Әуелі радикал демократтар мен либерал идеологтардың жұлдызды шағы туғандай болып көрінді. Елде демократиялық инфрақұрылым мен нарықтық экономика құрылды, дегенмен, экономикалық, саяси және әлеуметтік дағдарыстың өрши түсуіне қарай, шат-шадыман көңіл, су сепкендей басыла бастады. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның демократиялық болашағы бұлыңғыр тарта бастады, себебі, бағаны либеризациялау, инфляция және жекешелендіру үрдістері көлеңкелі экономиканың өріс алуына жол берді: қылмыстық мемлекет пен қоғамға беталу трансформациялана бастады. М. Вебер жазғандай, «капитализм өзінің түріне қарай, авантюристік, саудалық, соғысқа бағытталған, саясат, басқару және пайдаға бату мүмкіндіктеріне қарай әртүрлі болуы мүмкін» [4]. Тек қана мемлекет басшысының саяси жігері мен қазақстандықтардың ұлттық менталитетінің тұрақтылығы, өтпелі кезеңнің қиындықтарын қиналмай жеңіп шығып, жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік берді.

Атап өту керек, авантюристік капитализм кеңестік дәуірден кейінгі кеңестіктің негізгі еншісі еді. Реформаның басты тартысы демократтар мен коммунистердің саяси алаңында жүретін тәрізді болып көрінді. Шындығына келсек, дағдарысқа ұшыраған қоғамда, дәстүрлі әлеуметтік байланыстар күйреуге ұшыраған шақта, трансформациялық үрдістерді жасырын ұйымдасқан қылмыстық топтар айқындады. Қоғамда нәтижелі мемлекеттік басқаруда ауызбіршілік болмады, сондықтан көлеңкелі экономиканы пайдаланушы мафияның құрылымы мен агрессорлығы белең алды.

Қоғамның әлеуметтік өзіндік ұйымдасу динамикасына сыртқы орта зор ықпал етіп, ол үрдістерді тездетеді немесе баяулатады. П. Сорокиннің пікірінше, «ғарыштық орта барлық табиғи жағдайлардың жиынтығы есебінде, адамның мінез-құлқының, қоғам өмірінің қалыптасып және дамуының айқындаушы себебі болып табылады» [5]. Шынында да, қоғам мүшелері өмір сүру үшін, үнемі табиғатпен заттық, энергиялық және ақпараттық айырбаста болады. Социумға табиғи жағдайлар әртүрлі әсер етеді, дегенмен ол салыстырмалы түрде болса да, адамдар табиғатқа бейімделіп қана қоймай, сонымен бірге табиғат қорларын өз қажеттіліктеріне белсенді түрде пайдаланады.

Синергетика көрсеткендей, кез келген

элеуметтік жүйе, өзі өмір сүріп және өнімді дамуы үшін заттарды, энергияны және ақпараттарды өзіне тартып алады. Бұл жағдайда, жаңа институциялық макроқұрылымды генерациялау арқылы, өзінің одан да әрі жоғары дамуын қамтамасыз ету үшін, социум элеуметтік өзіндік дамудың жаңа тәртібіне көшуі мүмкін. Қоғам өзінің құрылымдық өзгерістерін қамтамасыз ету мақсатында, түптеп келгенде, прогрессивті дамуы үшін, ресурстарды пайдаланушының міндетін орындайды [6].

Бірақ кез келген ашық элеуметтік жүйе өз бетінше ұйымдасып, жаңа құрылымдар құрмайды. Егер қоғамда өміршеңдігі жоғары құрылым құру факторлары жоқ болса, онда оның энергиясы, заттары және ақпараттары сыртқы ортаға шашылып кетеді. Бұл жағдайда, қоғам ресурстары прогрессивтік даму үшін емес, негізінен прагматикалық қарсылыстардың мақсатына пайдаланылады; мұндай инволюциялық үрдістер кезінде басты рольді азғынданған элита ойнайды. Мысалы, қаржылық олигархтардың мол қаржысы, жекешелендіру кезеңінде жинап, топтастырған бастапқы капиталдары, қазақстан экономикасын модернизациялауға емес, шетелдердің экономикасын көтеруге жұмсалады.

Қоғам гомеостатикалық жағдайында детерминологиялық объектінің басқарушысы болып табылады. Элеуметтік тәртіп элеуметтік тексеру арқылы сақталады, бірақ қоғамды басқаруда бюрократия негізгі рольді атқарады. Ол элеуметтік ауытқуларды басқару механизмдері арқылы өзгертіп отырады, оның ішінде, теріс қайтару байланысы да бар, ол қоғамның тұрақты дамуын ұзақ уақыт қамтамасыз етеді, дегенмен онда нормадан ауытқулар болуы мүмкін. Теріс қайтару байланыстары, былыққан ортаның элеуметтік құрылымдары мен үрдістерінің тұрақтануын қамтамасыз етеді. Егер, социум дискреттік флуктуацияның әсерінен бифуркация аймағына тап болса, онда жағдай ымырасыз түрде өзгереді. Ол кезде бюрократия рационалдық басқару функциясын доғарып, одан әрі баю үшін өз мақсаттарын көздейді, ол өз кезегінде, құрылымдық теріс қайтару байланыстарын түбегейлі тоқыратады. Осының әсерінен қоғамда девиация өршіп, қоғам өмірінің тұрақтылығына қауіп төндіреді. Теріс қайтару байланыстарының прогрессивтік дисфункциясы социумдағы және басқару механизміндегі дағдарыстарды тереңдете түседі. Бюрократия тез жол тауып, мемлекеттік ресурстарды өз мақсаттарына пайдалануға тырысады. Басқару аппаратының негізгі ресурсы билік болғандықтан және ол қызметтер-

ден пайда табу мүмкіндігі туып тұрғандықтан, бюрократияның қолында бұл ресурс капиталдың басқа түріне конвертацияланады, ең алдымен материалдық байлық түрінде. П. Бурдьё былай деп жазады, «Институционалдық үрдістер мен мобилизациялық аппараттың өсіп дамуына қарай, іс жүзінде адамдар көңілінде императивтік салмақтылық үздіксіз өсе түседі, аппараттың қайта өзгеруімен және оларға ұсынылған дәрежелерге байланысты, оларда отырған лауазым иелерін әртүрлі материалдық және символикалық қызықтырулар арқылы өздеріне жақындатып, аппарат ұранының императивтік бағыттары мен мақсаттарына жетуіне кедергі келтіреді» [7].

Дағдарыс кезінде бюрократияның бұл кемшілігі үдей түседі. Мемлекеттік механизм жоғары нәтижелі машинадан дисфункционалдық құрылымға трансформацияланып, елдің жалпы ұлттық мақсаты мен көпшіліктің элеуметтік мақсаттарын елемейтін болады. Социум тез арада құлдырап, микросатыда, әсіресе көптеген адамдар күн көріс қамын ойлаумен жүрген кезде, кездейсоқ ауытқуларға сезімтал келеді. Қоғамның бірқалыпты даму детерминологиялық үрдістеріне бағытталған басқару құрылымдары, бұрынғыдай тексеру жүргізе алмайды, себебі тұрақсыз қоғам құлдырау мен күйреудің неше түрлі жаңа феномендеріне генерацияланады. Ол өз кезегінде ескі саясаттың институттары мен символдарын делегитимацияға ұшыратып, сонымен қоса олардың мақсаты бюрократиялық топтардың мақсаттарымен ауыстырылады. Ал социумға күш көрсету өте аз нәтижелерге әкелуі немесе элеуметтік күйзеліске ұшыратуы мүмкін.

Социумның тұрақсыз дағдарысы жағдайында, элеуметтік басқару концепциясы да өзгеруге тиісті. Егер тұрақты қоғамда элеуметтік тәртіпті репродукциялау үрдістері теріс қайтару байланыстарының көмегімен белең алатын болса, ал тұрақсыздық жағдайында резонанстық нәтиже туғыза алатын оң қайтару байланыстары өте маңызды роль атқарады. Оң қайтару байланыстары флуктуацияны ынталандырады. Демек, тұрақты кезеңдегі элеуметтік ауытқуларға социумның реакциясы ол үшін екінші дәрежелі мағыналы болса, ал тұрақсыз кезеңде ол жоғары дәрежеге ие болады. Бұл уақытта бірінші кезекке тікелей емес байланыстар мен қатынастар шығып, әсіресе саяси алаңда кездейсоқ себептердің ролі тез жоғарылайды. Бұл элеуметтік басқаруға, синергетиканы қоса алғанда, жаңа жолдар табуды талап етеді. Синергетикалық басқарудың ерекшелігі оң және теріс қайтару байланыстарының тепе-

тендік кезеңін табумен тікелей байланыста болады. Сонда ғана социум тұрақтылықты және шығармашылық, инновациялық өзіндік ұйымдастыруды қамтамасыз ете алады. Осыған орай, әлеуметтік басқару синергетика тұрғысынан қарағанда өте қатаң болмауға тиісті, себебі ол шығармашылық жаңалықтарды жойып, қоғамның қарыштап дамуына кедергі келтіреді.

Одан басқа, бифуркация кезеңінде басқару әрекеттеріне тежеу салатын болашақ дамудың альтернативтігін және социумның тікелей қатыссыз даму ерекшеліктерін ескеру қажет. Бифуркация алабында басқару механизмдерінің нәтижелі болуы үшін, әлеуметтік өзіндік ұйымдастыру үрдістеріне сай, өте нәзік әлеуметтік және саяси технологияларды қолдану қажет. Синергетикалық басқару динамикалық әлеуметтік өзгерімдерді іздеп, қажетті инновациялардың үлкен әлеуметтік резонанстар арқасында генерациялануы болып табылады. Бұл жағдайда әлеуметтік нәтиженің шамасы оған әсер ететін күшке байланысты емес, социумның топологиялық келісу қасиеттеріне байланысты болады [8]. Өзіндік ұйымдастыру режиміндегі саяси және әлеуметтік басқару – қоғам заңдылықтарының әлеуметтік-синергетикалық динамикасының тұрақсыздық жағдайындағы шығармашылық үрдістерін пайдалану және ынталандыру. Социумның қайтарым байланыстары арқылы қолдау көру жағдайы, асылы, барлық өзгерістер кезінде өзін-өзі сақтап қалуға мүмкіндік беріп қана қоймай, дәуір талабына сай әлеуметтік және мәдени жаңалықтарды генерациялау оның бейімделу мен өзгерімдігінің оңтайлы мәні болып саналады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Зинев С.Н.* Харизматикалық тұлға: Трансформациялық әлемдегі идентификация және манифестация: Дисс. ... ф. ғ. к. Ставрополь: Ставрополь Мемлекеттік университеті, 2005. 145 б.
2. *Капустин В.С.* Әлеуметтік өзіндік ұйымдастыру теориясына кіріспе. Көмекші оқулық курсы. РФ Президенті жанындағы Ресей Мемлекеттік қызметкерлерінің Академиясы. М.: Дело, 2005. 170 б.
3. *Сорокин П.А.* Алыс жол: Ғұмырнама. М., 1992. 37 б.
4. *Вебер М.* Протестанттық этика және капитализм рухы. Таңдамалы шығармалар. М., 1990. 53 б.
5. *Сорокин П.А.* Жалпыға бірдей социология оқулығы. Әр жылдардағы мақалалар. М., 1994. 85 б.
6. *Миронова Н.И.* Социалдық динамика: Өзіндік ұйымдастыру метаморфозалары және басқару. Челябинск: ААҚ «Челябинский дом печати», 174 б.
7. *Бурдые П.* Саясат социологиясы. М., 1993. 217 б.

8. *Князева Е.Н., Курдюмов С.П.* Синергетика жаңа өміртану: И. Пригожинмен диалог // Философия сұрақтары. 1992. № 12. 5 б.

Резюме

Исследуется концептуальные аспекты исследования различных сторон реформирования государственного управления. По мнению автора, политическое и социальное управление в режиме самоорганизации – творческий процесс использования и стимулирования закономерностей социально-синергетической динамики общества в состоянии неустойчивого равновесия. Такое состояние социума, поддерживаемое обратными связями, есть, в сущности, оптимальная мера его адаптивности и изменчивости, позволяющая ему не только сохранять самотождественность при всех переменных, но и генерировать социальные и культурные новации, адекватные вызову эпохи.

Абай атындағы ҚазҰПУ

22.05.07ж. түскен күні